

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 303-306

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАЙЫНДАЛАТЫН ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ШИКІЗАТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

Омарова Қ.М., Сейітқажы Ж., Түгелбай А.Ә.

Ел басының жыл сайынғы жолдауларында біздің күнделікті өмірімізге қатысты ең басты және негізгі мәселелерді көтереді. Ауыл шаруашылығының дамуы — Жолдаудың басым бағыттарының бірі ретінде қала бермек. Бұл орайда Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығына жаңа технологиялар мен тиімді жер нарығын енгізу, еңбек өнімділігін арттыру, ғылыми зерттеулерді жандандыру, ауыл шаруашылығы субъектілерін ұзақ мерзімді қаржыландыру мен өткізу нарықтарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге мейлінше мән беру қажеттігін айтты. Қазақ халқының тұрмыс - тіршілігінде төрт түлік малдан алынатын өнімдер мен шикізаттардың алатын орны ерекше. Осы шикізатты игеру мақсатында ауыл шаруашылық өнімдерінің ішінде жеңіл өнеркәсіп саласын қарқынды дамыту іс-шаралары жүргізілуде.

Өңдеу өнеркәсібінің құрылымындағы жеңіл өнеркәсіп үлесі 1,1 %-ды құрады[1].

Әлемдік нарықта тауарлы шикізат өндірісіндегі көрсеткіштерді бақылаумен Reuters ақпараттық агенттігі айналысады. Сонымен қатар, бұл агенттік тағам өнеркәсібімен қатар жүн шикізаты статистикасымен де шұғылданады. Агенттіктің статистикасына сүйенетін болсақ, ауыл шаруашылығы үлесі 41% тең [2].

Қазіргі кезде Қазақстанда жеңіл өнеркәсіппен 1534 кәсіпорын шұғылданады, олардың ішінде, 20 – ірі, 35 – орта және 1479 шағын кәсіпорын. Кәсіпорындардың ең көп саны (874) киім өндірісі бөлігінде шоғырланған, 476 кәсіпорын тоқыма бұйымдарын және 184 кәсіпорын былғары және оған қатысты өнімді шығарумен айналысады. Жеңіл өнеркәсіптегі ірі кәсіпорындардың жартысы (9) Оңтүстік Қазақстанда орналасқан.

Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 2014 жылы 2008 жылмен салыстырғанда, 2,4 есе артты.

2014 жылы 2008 жылмен салыстырғанда, өндірістің айтарлықтай өсімі өнімнің мынандай түрлері бойынша байқалады:

- бас киімдер - 3,6 есе,

- ІҚМ терісінен немесе жылқы терісінен былғары – 3,5 есе,

- дайын тоқыма бұйымдар – 1,5 есе [1].

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін физикалық көлем индексі (бұдан әрі - ФКИ) серпіні 2010 жылдан бастап тұрақсыз үрдіс сипатына ие болды. Осылайша, тоқыма өнеркәсібінің ФКИ алдыңғы жылға қатынасы бойынша 2011 және 2013 жылдары қысқарды, 2010, 2012 және 2014 жылдары өсті. Былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар, аяқ киім өндірісінің ФКИ алдыңғы жылға қатынасы бойынша 2010 және 2013 жылдары қысқарды, өсуі – 2011, 2012 және 2014 жылдары. Тұрақты өсімді соңғы 6 жыл ішінде киім өндірісі көрсетті.

Осы киім өндірісінің ең бір қажетті шикізаты жүн саналады. Қазіргі уақытта жүннің барлық түрін игеру бойынша да айтарлықтай дәрежелерге қол жеткізіп келе жатырмыз [4].

1 - кестенің мәліметі бойынша 2010-2014 жылдары өндірілген жүннің жалпы көлемінен алғанда жүннің 70% Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында өндіріледі.

Сонымен қатар, Қазақстанда тері өндейтін 12 зауыт бар. Қазіргі таңда Шығыс Қазақстанның Зерен ауданында бас киім өндіретін зауытта 30 қара және көгілдір түсті түлкілер және де 150 қара күзен өсіріледі. Бұл үлкен шаруа қожалықтың келешекте Қазақстанға тигізер пайдасы мол болмақ. Сондайақ осы аймақта тон өндіретін зауыттың салынуы жоспарланып отыр [4].

1-кесте.Қазақстан Республикасында өндірілетін жүннің жалпы көлемі, тонна

Облыс атауы	Жылдар				
	2010	2011	2012	2013	2014
Ақмола	673,0	733,9	788,6	847,6	907,5
Ақтөбе	2 312,3	2 439,0	2 516,8	2 391,9	2 590,5
Алматы	7 907,4	7 968,5	8 053,9	8 089,7	8 085,4
Атырау	1 018,2	1 208,1	1 146,2	1 033,0	1 015,3
Батыс Қазақстан	1 717,8	1 623,5	1 673,1	1 730,5	1 865,1
Жамбыл	5 681,9	5 856,4	5 983,3	5 292,0	5 339,0
Қарағанды	1 868,6	2 075,3	2 002,5	2 137,5	2 175,8
Қостанай	505,7	509,6	499,4	520,1	518,3
Қызылорда	1 407,1	1 493,5	1 324,4	1 022,7	
Маңғыстау	846,8	859,8	1 008,3	915,2	770,3
Оңтүстік Қазақстан	7 222,6	7 370,2	7 280,0	7 211,2	6 939,9
Павлодар	927,7	933,1	950,4	942,9	961,7
Солтүстік Қазақстан	834,0	578,6	525,3	646,8	644,0
Шығыс Қазақстан	4 710,9	4 803,7	4 683,9	4 855,1	5 080,4
Алматы қаласы	1,1	1,1	1,1	1,4	1,4
Астана қаласы	0,3	0,2	0,2	0,3	0,4
Барлығы	37 635,4	38 454,5	38 437,4	37 637,9	37 779,4

Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп шикізаттарын өндірумен қатар, экспорт пен импортқа шығарылатын тауарларға да көңіл бөлінуде. Айта кететін болсақ, 2014 жылы сала өнімінің экспорты 175,9 млн. АҚШ долларын құраған.

2013 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 1,5 есе қысқарды, негізінен, былғары – аяқ киім өнеркәсібі өнімнің экспорты 38% - ға, тоқыма бұйымдарының - 37% қысқарда, ал киім экспорты 10% - ға ұлғайды.

2014 жылы экспорттың негізгі баптары мақта-мата талшығы (79,2 млн. АҚШ доллары немесе 45%), аяқ киім (21,1 млн. АҚШ доллары немесе 12%) және иленген былғары (12,3 млн. АҚШ доллары немесе 7%) болды. Мақта-мата талшығы, негізінен, Латвия, Ресей және Молдовияға жеткізілді. Аяқ киім экспортының негізгі көлемі Қытайға шақталды. Иленген былғары Қытайға және Литваға экспортталды [1].

Қазіргі уақытта елімізде жеңіл өнеркәсіп қолдау мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылданып жүзеге аса бастады. 2014 жылы Индустрияландыру картасы (ИК) шеңберінде 3228 жұмыс орнын құрумен инвестициялардың жалпы сомасы 23 млрд. теңге 24 инвестициялық жоба іске қосылды. Ал, 2015 жылы ИК шеңберінде инвестициялардың жалпы сомасы 94 млрд. теңге құрайтын жеңіл өнеркәсіптің 31 өңірлік жобасы іске асырылуда.

Қорытындылай келгенде жалпы, егер біз елде жеңіл өнеркәсіп саласындағы даму қадамын арттырамыз десек:

- шикізатқа қажеттілікті өтеу үшін алдымен биязы жүнді қой өсіруге, мал тұқымын асылдандыруға мән бергеніміз жөн;

- бұдан соң елдегі шұға комбинаттарының, фабрикалардың жұмысына мемлекеттік қолдау қажет;

- өндірістік формула «шикізат-тауар» екенін ұмытпаған жөн, ол үшін ауыл және аудан көлемінде шағын кластерлер жасақтау қажет, олар жергілікті жерлерде өндіруге тиімді ауыл шаруашылығы шикізатын тұтынушыларға тиімді бағамен жеткізу саясатынан тұрады;

- осы құрылған шағын кластерлер (микрочластерлер) арқылы мемлекеттік тапсырыс беру шағын өндірістер мен сервистік қызметтердің бірігуіне жол ашылып, бұл шаруашылықтарды ірілендіруге де ықпал етеді.

Бүгінде еліміз ауыл шаруашылығына арналған бағдарламасында көрсетілгендей, дамыған елдердің аграрлық салада қол жеткізген тәжірибелерінің саяси-экономикалық әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып, агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың тұжырымдарына сәйкес, ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудың ең басты іс-шараларын нақтылау міндетін қойып отыр. Осы елбасымыз қойып отырған талап пен міндеттерді орындау, ол біздің, яғни жастардың қолында. Қойылып отырған талаптарды орындауға бар күш- жігерімізді салып, елімізді тек қана дамыған елдер қатарынан емес, алпауыт елдер қатарына қосуға атсалысайық!

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР ИДМ Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ақпараты.. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіпті дамытудың қазіргі заманғы жай-күйі, - 2015-30 Тамыз. // <http://comprom.gov.kz/kz/nerk-sip-salalary-2/zhe-il-nerk-sip/>
2. Romanenkov V., Coleman K., Rodionova V. The Journal of Agricultural Science / Cambridge University Press.- 2010, №3. p.10-13.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі. Статистика комитетінің ақпараты, 2014 ж. <http://www.stat.gov.kz>.
4. Қазақстан Ұлттық Телеарнасының ақпараты, 2014 ж (<http://kaztv.kaztrk.kz/kz/programs/>).